

№36
(7773)

10 қыркүйек,
Сейсенбі,
2019 жыл.

uil-gazet@mail.ru

«Денсаулық фестивалі»

СПОРТТЫ СЕРІК ЕТСЕҢ...

МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРГЕ НЕМЕСЕ ҒАЛЫМДАР СӨЗІНЕ ЖҮГІНБЕЙ-АҚ, ҚАЗАҚ АТАМЫЗДЫҢ «БІРІНШІ БАЙЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ» ДЕУІНІҢ МӘНІ ЗОР. СЕБЕБІ ӘР АДАМНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА МӘН БЕРМЕУІНІҢ САЛДАРЫНАН АУРУ-СЫРҚАУДЫҢ САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ. БҮГІНДЕ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫ БҮКІЛ ӘЛЕМДІ ТОЛҒАНДЫРЫП ОТЫР. ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУДЫҢ ОҢАЙ, ӘРІ ТИІМДІ ӘДІСІ УАҚЫТЫЛЫ ДЕМАЛЫП, ТАМАҚТАНУМЕН ҚАТАР СПОРТПЕН ШҰҒЫЛДАНУ. ДЕМЕК, «ШЫНЫҚСАҢ - ШЫМЫР БОЛАСЫҢ!» - ДЕП ТЕ БЕКЕРГЕ АЙТЫЛМАҒАН.

Осы орайда кеше аудандық аурухана ұжымының ұйымдастыруымен аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебі алаңында «Денсаулық сандарына жеті!» ұранымен «Денсаулық фестивалі» өтті. Фестивальге аудандағы мекеме басшылары мен қызметкерлерінен бастап, колледж, мектеп оқушыларына дейін белсене қатысты. Айтулы шараға жұмыла атсалысқан көпшілік спорттық жаттығулар арқылы бойларын ширатып, тамаша көңіл

күйде болды. «Спорт денсаулық кепілі» екендігіне әбден көздері жетті. Әдеттегідей аптаның алғашқы күнін ауыр қабылдайтын мекеме қызметкерлері бір серпіліп қалды. Бірі-бірі күлімсіреп қарсы алған жұртшылыққа ауа райы да өсер еткен тәрізді. Себебі, сол күні күздің күміс күні жайма шуағын төгіп тұрды. Шымылдығы әнұранмен түрілген «Денсаулық Фестивалі» жиылғандардың рухын асқақтатып, азаттықтың ақ таңында қазақ спортын өрбітіп,

дамыту жолында алға қарай қадам басуға деген күш-жігерін нығайтуға септігін тигізді. Одан кейін арнайы сөз алған аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев салуатты өмір салтын сақтау мақсатында ауданда атқарылып жатқан бірқатар жұмыстарға тоқталса, аудандық аурухана-ның бас дәрігері Сәндібек Нұрбаев денсаулық саласы бойынша мәлімет берді. Сонымен бірге ардагер спортшысы Өбілхан Әжиязов жиылған жұртшылықты спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын сақтауға шақырды. Әрі қарай Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі, Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы, Ойыл қазақ орта мектебінің оқушылары мен Ойыл аграрлық колледжінің студенттері спорттық гимнастикалық билерін көпшілік назарына тарту етті. Мұнда

әрбір мектептің және де колледж оқушыларының айтулы шараға үлкен дайындықпен келгенін байқадық. Спорттық гимнастикалық билеу өнерінде бәрі де бірі-біріне ұқсамайтын іс-қимылдары арқылы ерекшеленіп тұрды. Сондықтан да әрбір биші қаракөздеріміз жиылғандардың қолдауына ие болды. Фестиваль соңында жиылған көпшілік аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушысы Нұрасқан Сөрсенғалиевтің нұсқауы бойынша жаппай спорттық жаттығулар жасады. Ал, аудандық аурухананың мамандары жиылғандардың бой, салмақтарымен бірге қан қысымдарын өлшеп берді. «Денсаулық Фестивалінің» соңы арқан тартыс, қол күрес ойындарына ұласты.

**Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.**



Тағы да той турапы

«ОЗЫҚ ДӘСТҮР» ОРАЙЫН ТАПСА...

ТОЙ – ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЗЫНАСЫ. «ТОЙ ДЕГЕНДЕ ҚҰ БАС ДОМАЛАЙДЫ» ДЕЙТІН ҚАЗАҚ ҚАЗІР ТОЙДЫҢ ТҮР-ТҮРІН ЖАСАЙТЫН БОЛДЫ. ӘРИНЕ, ТОЙДЫҢ БОЛҒАНЫ JAҚCЫ. АЛАЙДА, БАЙДЫҢ МАЛЫН ШАШЫП, БАРҒА ҰҚСАП БАҚҚАН ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚТЫ НЕСИЕГЕ БАЙЛАП, АС ТА, ТӨК ДАҢҒАЗАЛЫҚПЕН ӨТІП ЖАТҚАН ТОЙЛАРДЫҢ ТӨРБИЕЛІК МӘНІ ҚАНДАЙ? ЗЕР САЛЫП КӨРЕЙІК.

Тойдан тойдың айырмасы жоқ. Бәрі сол бір көрініс. Ұзын-сонар тілек айту, естелікке суретке түсу, би жарыс, кейде асабалардың күлдіреміні деп бүлдіретін арзан ойындары елді ығыр етіп жібергенін де жасыруға болмас. Тойдың түр-түрін жасап үйренген елге енді оның мазмұнына мән беретін уақыт та келді. Себебі, әрбір қуаныш өзіндік сипатымен мазмұнына сай болса дейсің.

Тарихтан белгілі, қазақ даласында өткен тойлардың дақпырты бүгінге дейін жетуі оның мазмұнында болса керек. Әрбір рәсімнің жөн-жоралғысын ата жолымен жасап келген елде ең түйінді рухани қазына жатар еді. Содан да болар қазынаға балайтын тойға халықтың ықыласы бөлек.

Өкінішке орай той көбейген тұста мазмұн да жаңарды. Бірінен бірі асыл түсу үшін той бөсекеге айналды. Елді қалай да таңғалдырсам екен деп ұшақпен ұшып жүргендер де бар. Аспаннан ақша шашқандардың да бар. «Қалыңдық» естіп жатырмыз. Демек, ел үлгі-дырдудан жалықты. Батыстың ұлғисы деңдеп енген бүгінгі тойлардағы кейбір көріністер де көпшілік жери бастады. Осы орайда той мазмұнын мәселе етіп көтеріп жүрген ұлт батыры Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметованың пікіріне жүгініп көрсек.

«Біз көз келгендікін оп-оңай аламыз. Өзіміздікін көрсеткіміз келмейді. Қалыңдықтың киетін көйлектерін қараңызшы. Кеуде түгел ашық, оның бетіне бір жапырақ фатаны жауып соған беташар жасайды. Неге сол жерде үлбіретіп тұрып сөукеле, ұлттық киім кімсіке?! Бұрын қыздар үзгелі кезде қырмызы көйлек киізіген. Үйінен шығар кезде қыз қызыл көйлегін киішіп, өзі кестелен тіккел көйлегін киіген» деп жазды.

Көп сыналғанның бірі қалыңдықтың киімі болса, кейінгі кезде жастардың ұлттық киімге ден қоюы байқалады. Өсіресе, ұзату тойларында қырмызы көйлек пен зерлі камзол кино сәнге айналуы қуантанды. Десе де Зейнеп Ахметова қазіргі тойларда өксіг мен қызының валыс билеуін сығаса алады. «Қазір қыздар ұзату тойында сынсу емес, өксімен



қоштасу вальсын билейді екен. Қай қазақ қызын билеп жүріп күйеуге берген? Мұндай салт ешбір ата-бабамызда болған жоқ» деп қынжылыс білдіреді.

Айтқандай, ата-анаға екі жастың төрт жегізуі ерсі көрінсе де, селт етпейміз. Қабат-қабат тортты ортаға өкеліп, әспеттеп кесудің қаншалықты мәні бар? Бұл нені ұғындырады? Тағы да ел анасының сөзіне кулақ асайық: «Бір сорақы нәрсе – ата-енеге төрт жегізу. Оның алдында шам өшеді. Тойда шам өшіру деген ырымға қандай жаман?! Қазақ шырағын сөнбесін дейді. Ал қуаныштың үстінде шам өшіру қазақтың дәстүрінде жоқ нәрсе. Содан кейін жігіт пен келінді ортаға шығарады. Ата-аналары қоса шығады. Шаңырақ көтеріп, жігіт болып жатқан азаматтың қолына әйелге ұқсатып, пышақ ұстатып, оған төрт кескізеді. Келін өлі тортты қасықпен енесінің, атасының аузына салады. Кішкене әдептілік керек емес пе? Бұл – бізде жоқ салт. Қазақ келіннің қолынан шай ішу деген өдемі дәстүр бар деп және бір шегелейді.

Қазақтың тойын жаулаған өзгенің қансығы таңғы болып жүргенін жасыруға тағы болмайды. қалыңдықтың гул лақтыруы, үлкен-кішінің көзінше екі жастың бір-біріне сезімін білдіруі, жігіттің қалыңдығын көтеріп алып кетуі және басқа ерсі көріністер мезгі қылғаннан бөлек, дәстүрге айналып бара жатқандай.

Рас, соңғы кездергі тойларда салт-дәстүрлер жақсы сақталып, тіпті жаңғырып келеді. Алайда ауытқушылық өте көп. Көпшілігі батыстық үлгіге еліктегісі келеді. Менің ұсынысым – тойларда ұятты ойындар тыйылса екен.

Әлеуметтік желіден ұзатылып бара жатқан қызды құрбылары ортаға «Гөкку» өнімен алып шыққанын көрдім. Соңында ұзатылып бара жатқан қыз құрбыларына орнамал үлестіреді. Әдемі емес пе?

Әрине, ұлт барда салт-дәстүр жойылмайды. Уақыт озған сайын дәстүрдің жаңаруы заңдылық та шығар? Дегенмен, жаңғыртуды өзгенің алмастырумен шатастырмау керек. Салт-дәстүрді жаңа уақытқа бейімдеп жаңғырту негізгі мақсат болуы тиіс. Менің ұсынысым – тойлар қыста болмаса, жазда бұрынғыдай ашық аспан астында ұйымдастырылса. Мейрамхана жалдау үшін де қанша қаржы кететіні белгілі. Одан да есік алдына шатыр құрып өткізе, адамдар арасындағы жылылықты, туысқандық байланысты нығайтады ері қарашаңыраққа деген үлкен құрмет дер едім. Қазір мейрамхананың төрт қабырғасына қамаған жұрт даңғырлаған өуеннің жаңғырығымен бір-бірімен еуен-жарқын сөйлесе де алмай, шаршап қайтады. Бұл – бір жағынан салт-дәстүрді көрсетуге де мүмкіндік. Мәңсі ойындардан гөрі, тойларда далада асық ойналып, арқан тартып,

қол күрес ұйымдастырылса, мазмұнды болар еді.

Тағы бір мәселе – ұзату тойда қыз бен жігітті қатар төрге отырғызу үрдіске айналды. Дәстүрімізде ұзату тойында қыз құрбылармен, күйеу жігіт достарымен бөлек отырып, екі жақ өзілдесіп, айтысып, той көркін қыздыра түскен. Осы дәстүрді қайта жаңғыртсақ деймін.

Қазіргі тойлардағы келеңсіз көріністің бірі – ұзатылатын қызын әкесі қолынан жетектеп өкеліп, күйеу балаға табыстауы. Бұл қазақтың тарихында болмаған. Көрініске, қыз әкесі қоштасар сәтте қобалжығанын байқатпау үшін атына мініп кетіп қалған. Қалыңдықты тұрмыс құрмаған, болмаса ажырасқан өншінің ортаға алып шығуы да қате. Сондай-ақ, қазір күйеу баланы қыздың ата-анасы қарсы алып жатады. Ертеректе қыздың құрбылары мен жеңгелері күтіп алған. Осы көріністі тойда жасап жүрміз. Ұлтымыздың салт-дәстүрін бұрмаламай, жаңғыртып, төрбиелік мәнін насихаттауға күш салуымыз қажет.

Әрине, мен айтқан мәселелердің бәрі Ойылдағы тойларда орын алып жатыр деуден аулақпын. Бірақ, алыс-жақын ауылдарға барып, болмаса әлеуметтік желілер арқылы көріп жүрміз. Сондықтан, Сізге ой қосыңыз, оқырман!

**С.ЫҚЫЛАС,
Ойыл селосы.**

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930

жылдың

қараша айынан

бастап шығады.

«БОЛАШАҒЫМЫЗ – БҮГІНГІ БАЛАЛАР»

Өткен аптада ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі», - атты Жолдауын арнады. Осы Жолдауда Президент балаларға қамқорлық көрсету керектігін атап өтіп, Үкіметке мектеп жасына дейінгі балаларға үнемі қолдау көрсетіп, барлық оқушыға тегін ыстық тамақ беру, оларды оқу-құралдарымен, мектеп формаларымен қамтамасыз ету, медициналық, соның ішінде стоматологиялық көмек алу, қоғамдық көліктердегі жүру шығындарын өтеуді тапсырды.

Осыған қатысты шешімдердің барлығы 2020 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап күшіне енуі тиіс екенін қадап тапсырды. Бұл шаралар ел балаларына балалар үшін жасалып отырған үлкен қамқорлық.

**Ғ.ҚҰБАЕВ,
Аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының басшысы.**

ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ ҚАДАМЫ

Мемлекет басшысы Қ.Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған алғашқы Жолдауының мәні - мемлекеттік институттардың рөлін нығайту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, халықтың тұрмыс сапасын арттыру турасында өрбиді.

Саяси сабақтастық желісін үзбей жүйелі реформалар жүргізу арқылы дамудың жаңа сапалы кезеңіне өтудің мүмкіндіктерін айқындап берген бұл құжаттың өзепі өзінің сайлауалды бағдарламасынан туындағанын мәлімдеген ел Президенті: «Мен халыққа берген уәделерімді міндетті түрде орындаймын» - деп нық сеніммен айтты.

Жолдауда ерекше басымдық берген қоғам мүддесі үшін ортақ мәмілеге саятын саяси партиялармен және қозғалыстармен ынтымақтастыққа болу, қоғамды толғандыратын толғақты мәселелердің «көшеде емес», Парламент қабырғасында және азаматтық диалог аясында талқылануы қажеттігі турасында сөз етілді.

Сондай-ақ, депутаттар өздерінің заңды құқықтарын пайдалана отырып Үкіметке сұрау жолдап, одан нақты шаралар қабылдауды талап ету қажеттігі, заң шығарушы және атқарушы биліктің арасындағы қарым-қатынастар арасына құрметпен, іскерлікпен, жасанды қарама-қайшылықсыз болуы керектігі жөнінде атап өтілді.

Сайып келгенде, Мемлекет басшысы айтқандай «реформаны тек реформа үшін емес», нәтижелі жұмыстың негізгі көрсеткіштері үшін ерқайсысымыз дербес жауапкершілікті сезіне отырып, қарапайым халықтың мүддесі үшін ЖАҢА КЕЗЕҢГЕ қадам басуымыз қажет.

**Еркін ЖИЕНАЛИН,
Ойыл аудандық мәслихатының хатшысы.**

МЕДИАЦИЯ МАҚСАТЫ – МӘМІЛЕ!



Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы, қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар) және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы.

Тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларға (дау-шараларға) медиация рәсімі қолданылмайды. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша медиация рәсімі қолданылмайды.

Медиацияның мақсаттары дауды (дау-шарды) шешуде екі тарапты да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету. Медиацияны жүргізу қағидаттары еріктілік, медиация тараптарының тең құқылығы, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы, медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік, құпиялық болып табылады.

Медиацияны кәсіпқой және кәсіпқой емес медиаторлар жүргізеді. Медиатор - дауды, дауласушы тараптарды басқарушы. Медиатор қорғаушы немесе заңгер емес. Тараптардың ешбірінің мүддесін қорғамайды. Ол тек дауласушы тараптарды ортақ мәмілеге келтіріп, келіссөз жүргізуші.

Қоғамда азаматтардың болмаса нәрсінен сылтау етіп бір-бірімен араздасуы, дауласуы, оны өзара шешуге ешбір ниет етпей бірден сотқа жүгінуі кездесіп жатады. «Бір күндік ұрыстың қырық күндік қырсығы бар»

деген сөз бекер айтылмаған. Кез-келген ұсақ түйекті сылтау етіп, ренжісіп, қабақ шытысқан адамдардың, ара қатынасында алдағы уақытта салқындық болары анық. Осы аталған ұсақ түйекке ренжісіп сотқа келген тараптар бір-бірінен кіне іздеп ренжісіп жатады, бұл әрекет дегеніміз адамдардың арасын алшақтата түсетін жайт екендігі баршамызға мәлім.

Осы аталған жайттарды болдырмау мақсатында, яғни тыныштық, татулық, келісімге келушілік бағытында Елбасының рухани жаңғыру мақаласында айтылып, тапсырмалар берілді.

Бітімгершілік қазақ халқының қанында бар үрдістердің бірі. Осы орайда медиация заңы аясында, еліміздің барлық жерлерінде кәсіби және кәсіби емес медиаторлар қызметтерін жасауда. Қазіргі таңда бітімгершілікпен бітетін істер санын көбейту мақсатында жоспарлар жасалып, жұмыстар жасалуда. Жалпы медиацияның тиімді жактарын біз айтқанмен, кейбір азаматтар қолдай бермейді.

Аудандық сотпен медиацияның қолданылуын кеңейту мақсатында, қарапайым халық арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, медиацияның қолданылуын кеңейту күнделікті жоспардан тыс қалған емес.

Медиация кезінде шешілген даулардың келісімдері берік болады. Бұл тетіктің ең басты ерекшелігі-медиация дау туындағаннан кейін тараптардың өзара қарым қатынасын сақтауға мүмкіндік береді.

Медиация жанжалға қатысушылардың эмоционалды күшін, ақшасын және уақытын үнемдеуге көмектеседі. Оны жүргізу кезінде процестің жағдайы, ұйымдастырылуы, ұзақтығы және мазмұны жеке анықталуы мүмкін. Медиация дауға кім кінәлі немесе жеңіске жету емес шешімнің құрылымдық іздерілінуіне бағдарланады.

**Ж.МАЙЖАНОВ,
Ойыл аудандық сотының
аға сот приставы.**

АТЫРАУДА БІРЕГЕЙ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЖАБДЫҒЫ ДАЙЫНДАЛЫП ЖАТЫР

«Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов Атырау облысына жұмыс сапары барысында өңірдің индустриялық- маңызды нысандарын аралады.

Қор басшысы «Kazakhstan Petrochemical Industries» интерпрацияланған газ-химия кешені аясында полипропилен өндіретін зауыт құрылысы жөніндегі жобаның барысымен танысты. Ахметжан Есімов кешеннің құрылыс алаңдарын аралап, қазақ-стандық өндірушілерді жобаны іске асыруға барынша тартудың және кешенді мерзімінде іске қосудың маңыздылығын атап өтті. Нысанның құрылысы 2021 жылдың ортасында аяқталады деп жоспарланып отыр. Жоба жылына 500 мың полипропилен өндіруге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, А.Есімов «Атырау-НефтеМаш» ЖШС мұнай және газ-химия салаларына арналған жабдықтар шығаратын зауытқа барды. «АтырауНефтеМаш» ЖШС Бас директоры А.Донсковтың айтуынша: «Қазіргі уақытта бірегей және ең ірі жабдықтар – пропан/пропилен бөлінісінің ректификациялық колон-

насын дайындау аяқталып жатыр. Бүгінде бұл Қазақстанда өндірілетін жалғыз жабдықтың мұнай өңдеу зауыттарында да аналогы жоқ. Келісімшарт бойынша колоннаны дайындауды аяқтау мерзімі – 2019 жылдың 13 қазаны».

Сонымен қатар, Қор төрағасы «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС мұнайды терең өңдеу кешенінің өндірісімен танысты. Сапар барысында басқарма төрағасы өндірістік персоналдың техникалық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар қабылдаумен қатар жабдықтарды пайдаланудың сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыруды қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

Сапар барысында делегация хош иісті көмірсутектер өндірісі мен мұнайды терең өңдеу кешендерінің жаңа қондырғыларын көрді. Бұдан басқа, көсіпорын басшысы персоналды дамыту бойынша әлеуметтік бағдарламалар туралы қысқаша айтып берді. Атап айтқанда, «Жас маман», Lean 6 Sigma және басқа да бағдарламалар, зауытшыларға арналған тұрғын үй құрылысы туралы

баяндады.

А.Есімовтің айтуынша, 2018 жылы аяқталған АМӨЗ-ның жаңғырту нәтижесі сөзсіз бар. Мұнай өңдеу тереңдігі 2018 жылдан бері 68% - дан 2019 жылы 85,5 % - ға дейін артты. Сонымен қатар, ол тұрақтамауды азайтып және ынталандыруды ұмытпай, білікті қызметкерлерді даярлау бойынша жұмысты жалғастыруды тапсырды.

Айта кеткен жөн, ағымдағы жылдың маусым айында Ахметжан Есімов Маңғыстау облысының әкімі Серікбол Трумовпен Қор компаниялары тобымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша кеңес өткізді. Тараптар Қор жобаларының, соның ішінде қайырымдылық бойынша жобалардың ағымдағы өзара іс-қимылы мен даму перспективаларын талқылады. Қордың портфельдік компаниялары Маңғыстау облысы бюджетінің 38%-дан астамын құрайды.

«Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ Қоғаммен байланыс және маркетингтік коммуникациялар жөніндегі департаменті

Ойыл аудандық әділет басқармасында 2019 жылғы 20 тамызда № 6367 болып тіркелді

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

9 тамыз 2019 жыл № 326 Ойыл селосы Ойыл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы №248 «2019-2021 жылдарға арналған Ойыл ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 106, 109-1 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Ойыл аудандық маслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ойыл аудандық маслихатының 2019 жылғы 4 қаңтардағы №248 «2019-2021 жылдарға арналған Ойыл ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3-11-156 номерімен тіркелген, 2019 жылы 22 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

- тармақта: 1) тармақшасында: кірістер «239 074,2» сандары «247 757,2» сандарымен ауыстырылсын; трансферттер түсімі «225 304,2» сандары «233 987,2» сандарымен ауыстырылсын; 2) тармақшасында: шығындар «241 306,1» сандары «249 989,1» сандарымен ауыстырылсын; 2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын. 3. «Ойыл аудандық маслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен: 1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді; 2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін. 4. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы: И.Қосдаулетов Аудандық мәслихат хатшысы: Е.Жиеналин

Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 9 тамыздағы № 326 шешіміне қосымша Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 248 шешіміне 1 қосымша

2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ БЮДЖЕТІ

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	01	2	1. Кірістер Салықтық түсімдер Табыс салығы Жеке табыс салығы Меншікке салынатын салықтар Мүлікке салынатын салықтар Жер салығы	247757,2 12540,0 6600,0 6600,0 5940,0 260,0 320,0
2	01	4	Көлік құралдарына салынатын салық Салықтық емес түсімдер Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5360,0 1230,0 1210,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1210,0
		06	Басқа да салықтық емес түсімдер	20,0
4		1	Басқа да салықтық емес түсімдер Трансферттердің түсімдері	20,0 233987,2
	02	3	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	233987,2 233987,2

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың өкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
01	1	124	001	II. Шығындар Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты Аудандықмаңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	249989,1 37440,0 37440,0 37440,0 34990,0 2200,0
			107	Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс шаралар өткізу	250,0
04	1	124	004	Білім беру Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	145795,0 145795,0 145795,0 114558,0
			041	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық Елді-мекендерді көркейту Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты Елді мекендердегі кешелерді жарықтандыру Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру Көлік және коммуникация Автомобиль көлігі	21327,0 22995,1 22995,1 7238,0 1700,0 100,0 13957,1 37433,0 37433,0
07	3	124	008	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	17359,0
			045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	20074,0
13	9	124	040	Басқалар Басқалар Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	6326,0 6326,0 6326,0 6326,0
15	1	124		Трансферттер Трансферттер Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты III. Таза бюджеттік кредит беру IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо V. Бюджет (профициті) тапшылығы VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру	0,0 0,0 0,0 0,0 0,0 -2231,9 2231,9
08	01			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары Бюджет қаражаты қалдықтары Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2231,9 2231,9 2231,9

В АТЫРАУ ИЗГОТАВЛИВАЮТ УНИКАЛЬНОЕ НЕФТЕПЕРЕРАБАТЫВАЮЩЕЕ ОБОРУДОВАНИЕ

Председатель правления АО «ФНБ «Самрук-Қазына» Ахметжан Есимов в ходе рабочей поездки Атыраускую область посетил индустриально-значимые объекты региона.

Глава Фонда ознакомился с ходом проекта по строительству завода по производству полипропилена в рамках интегрированного газохимического комплекса «Kazakhstan Petrochemical Industries». Ахметжан Есимов осмотрел строительные площадки комплекса, подчеркнув важность максимального вовлечения казахстанских производителей в реализацию проекта и запуска комплекса в срок. Завершение строительства объекта планируется к середине 2021 года. Проект позволит производить до 500 тыс. тонн полипропилена в год.

А. Есимов также посетил завод по производству оборудования для нефтяной и газо-химической отрасли ТОО «АтырауНефтеМаш».

«На данный момент на заводе завершается изготовление ректификационной колонны разделения пропана/пропилена - уникального и самого крупного оборудования. На сегодня это единственное обо-

рудование по своему объему, которое изготавливается в Казахстане – аналога нет даже на нефтеперерабатывающих заводах. Срок завершения изготовления колонны по контракту – 13 октября 2019 год», - отметил генеральный директор ТОО «АтырауНефтеМаш» А. Донсков:

Наряду с этим, Председатель Фонда ознакомился с производством комплекса глубокой переработки нефти ТОО «Атырауский нефтеперерабатывающий завод». Во время визита Председатель отметил важность обеспечения повышения надежности и безопасности эксплуатации оборудования, также как принятие мер по развитию технической грамотности производственного персонала.

В ходе объезда делегация осмотрела новые установки комплексов производства ароматических углеводородов и глубокой переработки нефти. Кроме того, руководитель предприятия кратко рассказал о социальных программах по развитию персонала на предприятии. В частности, о существующих на предприятии программах дуального обучения, «Жас маман», Lean 6 Sigma и других,

строительстве жилого дома для заводчан.

По словам А. Есимова, эффект от завершенной в 2018 году модернизации АНПЗ безусловно есть. Увеличена глубина нефтепереработки с 68% в 2018 до 85,5% в 2019 году, а также выход светлых нефтепродуктов. Вместе с тем, он поручил продолжать работу по подготовке квалифицированного персонала, уменьшая текучесть и не забывая про мотивацию.

Напомним, в июне текущего года Ахметжан Есимов провел совещание с Акимом Мангистауской области Серикбаем Трумовым по вопросам взаимодействия с Группой компаний Фонда. Стороны обсудили текущее взаимодействие и перспективы развития проектов Фонда, в том числе проектов по благотворительности. Отметим, что портфельные компании Фонда формируют свыше 38% бюджета Мангистауской области.

Департамент по связям с общественностью и маркетинговым коммуникациям АО «ФНБ «Самрук-Қазына», press@sk.kz

Зарегистрирован в Управления юстиции Уилского района 20 августа 2019 года за № 6367

РЕШЕНИЕ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

9 августа 2019 года № 326 с.Уил О внесении изменений в решение Уилского районного маслихата от4 января 2019 года №248 «Об утверждении бюджета Уилского сельского округа на 2019-2021 годы»

В соответствии статьями 106, 109-1 Бюджетного Кодекса Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года, со статьей 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» Уилский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Внести в решение Уилского районного маслихата от 4 января 2019 года №248 «Об утверждении бюджета Уилского сельского округа на 2019-2021 годы» (зарегистрированное в реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №3-11-156, опубликованное 22 января 2019 года в эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде) следующие изменения:

- в пункте 1: в подпункте 1): доходы цифрны «239 074,2» заменить цифрами «247 757,2»; поступления трансфертов цифрны «225 304,2» заменить цифрами «233 987,2»; в подпункте 2): затраты цифрны «241 306,1» заменить цифрами «249 989,1»; 2. Приложения 1 к указанному решению изложить в новой редакций согласно приложению к настоящему решению. 3. Государственному учреждению «Аппарат Уилского районного маслихата» в установленном законодательством порядке обеспечить: 1) государственную регистрацию настоящего решения в Департаменте юстиции Актюбинской области; 2) направление настоящего решения на официальное опубликование в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде. 4. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2019 года.

Председатель сессии районного маслихата: И.Косдаулетов Секретарь районного маслихата: Е.Жиеналин

Приложение к решению районное маслихата от 9 августа 2019 года № 326 Приложение 1 к решению районное маслихата от 4 января 2019 года № 248

БЮДЖЕТ УИЛСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА НА 2019 ГОД

Категория	Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (тыс.тенге)
1	01	2	1. Доходы Налоговые поступления Подходный налог Индивидуальный подоходный налог Налоги на собственность Налоги на имущество Земельный налог Налог на транспортные средства Неналоговые поступления Доходы от государственной собственности Доходы от аренды имущества, находящегося в государственной собственности	247757,2 12540,0 6600,0 6600,0 5940,0 260,0 320,0 5360,0 1230,0 1210,0 1210,0
2	01	5	Доходы от аренды имущества, находящегося в государственной собственности	1210,0
	06	1	Прочие неналоговые поступления	20,0
4		1	Прочие неналоговые поступления	20,0
	02	3	Поступления трансфертов Трансферты из вышестоящих органов государственного управления Трансферты из районного (города областного значения) бюджета	233987,2 233987,2 233987,2

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
01	1	124	001	II. Затраты Государственные услуги общего характера Представительные, исполнительные и другие органы, выполняющие общие функции государственного управления Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа Услуги по обеспечению деятельности акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	249989,1 37440,0 37440,0 37440,0
			032	Капитальные расходы подведомственных государственных учреждений и организаций	34990,0
			107	Проведение мероприятий за счет резерва местного исполнительного органа на неотложные затраты	2200,0
04	1	124	004	Образование Дошкольное воспитание и обучение Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа Дошкольное воспитание и обучение и организация медицинского обслуживания в организациях дошкольного воспитания и обучения	250,0 145795,0 145795,0 114558,0
			041	Реализация государственного образовательного заказа в дошкольных организациях образования	31237,0
07	3	124	008	Жилищно-коммунальное хозяйство Благоустройство населенных пунктов Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	22995,1 22995,1 22995,1
			009	Освещение улиц в населенных пунктах	7238,0
			010	Обеспечение санитарии населенных пунктов	1700,0
			011	Содержание мест захоронений и погребение безродных	100,0
12	1	124	013	Благоустройство и озеленение населенных пунктов Транспорт и коммуникации Автомобильный транспорт Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	13957,1 37433,0 37433,0 37433,0
			045	Обеспечение функционирования автомобильных дорог в городах районного значения, поселках, селах, сельских округах	17359,0
13	9	124	040	Капитальный и средний ремонт автомобильных дорог в городах районного значения, селах, поселках, сельских округах Прочие Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	20074,0 6326,0 6326,0 6326,0
15	1	124		Реализация мероприятий для решения вопросов обустройства населенных пунктов в реализацию мер по содействию экономическому развитию регионов в рамках Программы развития регионов до 2020 года Трансферты Трансферты Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	6326,0 0,0 0,0 0,0
08	01			III. Чистое бюджетное кредитование IV. Сальдо по операциям с финансовыми активами V. Дефицит (профицит) бюджета VI. Финансирование дефицита бюджета Используемые остатки бюджетных средств Остатки бюджетных средств Свободные остатки бюджетных средств	0,0 0,0 0,0 0,0 - 2231,9 2231,9 2231,9 2231,9

(*Жалғасы келесі санда*)

ҚАНАТБАЙ ЕЛЕУСІЗҰЛЫ

6. ЖОЛ

Өмір-теңіз, онда жүзем деменіз,
Ізгіліктен жасалмаса кемеңіз

Жүсіп БАЛАСАҒҰН.

–Оқимын деп жол жүруге дайын-далып жатырсың ба?-деп сұрады. Мен басымды изедім.

–Талабың қайырлы болып, жолыңа гүл бітсін! –Анам толқи үн қатты. - Ертең жол жүрерде қарбалас болады ғой деп, оңашада аналық ақ тілегімді айтайын деп әдейі шақырып отырмын. Мұқият тыңда, алты сөзімді санана құйып ал,-деді. Үнінде жаңағы толқудан гөрі, салмақты, жігерлі леп бар. –Үйден алғаш сыртқа шығып, орыс-қазағы, татар-башқұры, тағы да басқа ұлттары аралас тұратын шарлы қала Ақтөбеге бара жатырсың. Алда тағдырыңның саған қандай сый тартатынын білмеймін, бірақ қайда, қандай жағдайда жүрсең де, өзіңнің қазақ екенінді, текті батыр бабаның ұрпағы екенінді, алты атаулы Қожа-берген атаның шөбересі екенінді жадыңнан шығарма! Сен менікі болғаныңмен, елің үшін қызмет етуге таппын. Қимай отырмын, уайыммен деңбекшіп түнімен ұйықтай алмай, таңға таяу көзім ілініп кеткен екен, көп ойлағандікі ме, түсіме кірдің, құлымын. Жолың ақ болатын секілді, өзің де аппақ шатырдай болып кініп, көрген кісі қызықпай тұра алмайтын, өзіміздің ақ баталы «Ақайдар» інгенді жетектеп жүрсін. Жүрген жерінде

кетіпін жөндеп, шөп тасуға шықтым. Атақты Мамай ата тамының күн батыс беткейіндегі Қызқырылған жазықтығына дейін созылған шабындықтан шабылған бос шөпті (ол кезде пресс жоқ болатын) қашықтығы 20 шақырымдай жердегі Тұз базына қос телешікіге тиетіп, бастырық пен бастырып, таситынбыз. Мерзімді уақытында ағаның тапсырмасын орындап, алғашқы еңбек табысыма есептелген 75 сомды алғанда қуанышымда шек болмады. Ең бақытты күнім - шешеме алғашқы жалақымды шашудай шашып жинатқан күнім. Ондай рахатты, бақытты күйді содан кейін қайтіп сезінген емеспін. «Мен жігіт болдым, өкешешемеді асырайтындай құйға жеттім, енді сендерді асырайтын мен боламын, мен бармын!» - деген бала сезім, бала мақтаныш кеудемді көрнеп, анамды көтеріп айналғаным әлі есімде. Сондағы анамның толғана, көзіне жас ала тұрып айтқаны жадымда. Ол алғашқы табысың киелі жердің, батыр баба рухы жатқан жердің шөбін жинаудан келді, отбасымызға ырыс дарыр, дегені. Нені ырым қылды, нені мензеді?...

Иә, жер киесі демекші, менің анам Балғасын бойын ерекше кие тұтты. Себебі ескі заман жәдігері Балғасын мазары аңыз-әңгімелердің бірінде әулие адамға арнап тұрғызылған десе, екінші бір әпсана нұсқада қос ғашық Балым мен Қасым осы сай бойында жерленді деуі адалды ойға қалдырады. Одан сөл батысқа қарай

Жүсіп БАЛАСАҒҰН.

Анам, ақ көңіл, ағыл-тегіл мырза, сауыққой, турашыл, тәуекелшіл, шапшаң, ашуланса қайтымы тез игі адам еді жарықтық. Арманы келін түсіру болғандықтан бір күні «Қарағым Қонысқан -деді, -енді бұлай жүре бергеннің сөні жоқ. Жасың болса жиырманың үстіне шықты, қатын алатын жастан өттің. Сондықтан ауылдағы Төжетер Қарабаланың бірнеше қызы бар ғой, соның бірін келін етіп түсіріп ала қойсақ қайтеді?»,-дейтін қайран шешем. Маған ұнай ма, ұнамай ма, шаруасы жоқ, шешеме тек келін болса болғаны. Мен дереу жауап берсе қоймағасын:

- Онда өзің білессеңді? Не болғанда да өзіміздің Шалқардың қызын ал, басқа жартың қызын қайтесің, өзіңнің сөйлесіп жүрген қызың бар ма?-деп сурақтың астына алып тергейтін. Мен де тек отырмай, «Неге тек қана Шалқардың қызын алуым керек, төуір қыздар басқа елде де көп емес пе, бұйырған күні солардың біреуін өкелсем келін деп мойындамайсың ба?»-деп өрі қарай әңгімесін қоздырып жіберетімін. Сонда:

-Құлыным-ау, тіпті-де олай емес, мал екеш мал да сырт жерді жерсінбей, туған жеріне тартып кетеді. Сол сияқты сырттан келген келін, кім біліпті, біздің елге бейімделе алмай, сені ерітіп, қалаға кетіп қала ма деп қорқам да, -дейтін жарықтық әлі келіп түспеген келініне күдіктен қарап, бір жағын мені байқағысы келгендей пішін танытып.

–Ой, жарағым-ай, өмірде не бол-

10 қыркүйек 2019 жыл

3

ӘКЕ АМАНАТЫН ОРЫНДАУ - ҰРПАҚҚА ПАРЫЗ!

Менің атам Құбайдоллаұлы Қасен 1899 жылы, Қазіргі Ақтөбе облысы Қобда ауданының қазіргі Жарық ауылдық округіне қарасты Тамды қыстағында ақпан айының 17-сінде дүниеге келген. Әкесі Құбайдолла атамның жас кезінде дүниеден өтіп, атасы Бөрекештің төрбиесінде өседі. Атасы немересін Орынбор қаласындағы орыс-қазақ мектебіне оқуға беріп, 7-класстық білім алуына ден қояды және атасының оқытуымен арабша жазып-оқиды. Атасы Бөрекеш 2 рет қажылыққа барып, Тамды қыстағында көк мешіт салдырып, балалардың сауатын арабша ашқан, көк мешітті совет үкіметі келгеннен кейін құлатып тастарын құрылыс-тарға алған, мешіттің орны (фундаменті) әлі күнге дейін сақталған.

Атамсы 1925-28 жылдары көмпес-келеніп, тыныштығы кете бастаған соң, ішке қарай Орынбор жағына, одан өрі Башқұртстан АССР көшеді, сол жакта тұтынушылар одағында товаровед, дүкенші болып қызмет

атқарады.

1942 жылы мамыр айында (менің өкем Темірхан 40-нан да шықпаған) соғысқа шақырылып, Ленинград майданында сол жылдың 20-қыркүйегінде шайқаста қаза табады. Атамсыздың сүйегінің қайда қалғанын іздеу 2005 жылдан басталды. 2014 жылы наурыз айында ОБД «Мемориал» сайтынан атамсыздың қаза тапқан жерін және қай полкте болғаны жайлы мағлұмат табылды. Содан бастап сүйегінің қай зиратқа жерленгенін білу үшін Ресей Федерациясының қорғаныс істері Министрлігіне, Псков қаласындағы өскери мұрағатқа, Новгород облысының бірнеше аудандық өскери комис-сариатына хаттар жазып, 77 – жылдан соң атамсыздың жерленген жері табылды.

Хат алмасу кезінде Книвицы селолық елді мекенінің басшысының жазбасында Ленинград майданында сол жерлерде қаза тапқан солдат, офицерлердің мүрделерін жалғыз

ілікті бейіттерден 1969 жылы жинап Книвицы ауылындағы туысқандар бейітіне жерлеген, осы туысқандар бейітінде жерленген 2400 адамның, 600-нің есімдері әлі күнге дейін белгісіз. Әкеміздің көзі барда іздестіру жұмыстарын бастаған болатынын, дегенмен өмір шіркін бір орнында тұрмайды, бүгінгі күні өкеміз (баласы) ортамызда жоқ, өкеміз айтып отыру-шы еді «Әкемнің түрін де көрген жоқпын» - деп.

Осы жұмысты қолға алған соң биыл Жеңіс күні 9-мамырда бастап барып (2-кі шөбересімен) атамызға туған жер топырағын бұйыртты, зират басына мұсылманша тақта орнатып, дұға оқылды.

Новгород облысы, Демянск ауданы, Книвицы селолық елді мекені

Сол ауылдағы кешенді мемориалға есімі қашалып жазылды. Солаиша Қасен атамсыздың екінші өмірі басталды. Мәңгілік өмірі.

Немересі Ғарифолла ҚҰБАЕВ,

Ойыл селосы.

НӘЗІК ЖАНДЫЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ӘЛІМЖЕТТІК АЗАЙМАЙ ТҰР

Әйелдердің қызмет етіп, үлкен қызметтерге араласып қызметтік міндеттерін атқаруын өкінішке орай құптамайтын ер азаматтар да кездесіп жатады. Осыған дәлел 2019 жылы аудандық сотта Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 73-бабы бойынша, яғни отбасы-тұрмыс-тың қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер туралы өкімшілік іс қаралған болатын. Нақты айтқанда бір отбасының ер азаматы осы отбасының отанасы жұмыстан кешігіп келуіне байланысты отбасы-лық келіспеушілік туындап, отана-сына ауыр сөздер айтылып, нәтиже-сінде аудандық полиция бөлімімен өкімшілік іс құжаттар сот қарауына жолданып, аудандық соттың қаулысы-мен құқық бұзушыға тиісті жаза қолданылды. Бұл орын алған жағдай нәзік жандыларға деген әлімжеттік екені анық. Демократиялық дамыған

елде ер адамдармен әйел адамда-рдың құқығы да, мүмкіндігі де тең. Қазақстан Республикасының ата заңы Конституцияда адамдарды төмендетпей, жыныстық кемістігу-шілікке қарсы екендігі көрсетілген. Сонымен қатар Қазақстан Республи-касының 2011 жылғы 26 желтоқсан-дағы Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі неке қатынас-тарын реттеп қана қоймай, нәзік жандылардың отбасындағы орнын, жөбір көрмеуін айқындап берген. Аталған құжаттардың бөрі ерлі зайыптылардың отбасындағы теңді-гіне, балалардың отбасылық төрбие-сінің басымдығына негізделген.

Ер адамдар мен нәзік жандылардың теңдігі қоғамдағы тұтастықтың, рухани өлеуметтік теңгерімнің кепілі. Нәзік жандылардың да мемлекеттік қызметті абыроймен атқарып жүр-гендер де аз емес. Олардың өр бір еңбек саласында еркін еңбек етіп, өз

мамандығының білгірі атануы, еліміздегі гендерлік саясаттың тігізіп отырған ықпалы десек артық айт-пағандық болар еді.

Гендерлік саясат ер елде өркілы жүзеге асады, оны қолдау біздің елімізде бірінші орындағы мәселе, яғни нәзік жандылардың көңілдері түспей, отбасының шырағы болып, келер болашағымыздың келешегі айқын боларына жасалып жатқан игі қадам екені сөссіз.

Әйел адам ана, «Ана бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен өлемді тербетеді». Сондықтан нәзік жанды-ларға деген өз сыйласығымызды жалғасыра берсек, бұл отбасының татұлығы болар еді. Отбасының татұлығы бұл қоғамдағы татұлық болары баршамызға мәлім.

С.ШАЙМАҚОВА,
Ойыл аудандық сотының
бас маманы.

абыройлы да, бақытты боларсың деп жорыдым. Жаратқан Ием жар болып, қасиетті Тілеу баба рухы жебегей! Бабалар салған жолмен жүріп, елге қараған, жел өтіне тұрадай бір ұл болғайсың. Елің шығар төрің, жерің жапырақ жайар өрісің. Елдің киесін, жердің киесін ұмытпа. Біреудің намысын таптама, өз намысыңды басындырма. Адал, әділетті бол, құлыным. Бұл-бірінші тілегім-деп үңсіз отырды да, сөлден соң:

–Артыңдағы біздерге алаңдама, алдына қара. Арманшыл жүрек алдыса, адамды кісіліктің кілтіне бастайды, ізгіліктің іріміне баулиды. Мамандық алып, еліңе қызмет ету парызың. Парызыңа адал болсаң қалқына пайдаң тиеді, қатарыңнан халқың артаяды, абыройың өседі. Осыған үміт. Бұл-екінші тілегім.

Кез келген ата-ана дүниеге өкпелген перзентінің ержетіп өскенін, тең құрбысымен бірдей өмірде өз орнын тапқанын армандайды. Сол арман-тілектің ең бір маңыздысы-Алла бұйыртса сенің отбасың құрып, жалғаннан қыршын өткен марқұм Мөтжан атам көтерген, ақсөз жалға-ған қарашаңқарққа ме болғаныңды көру. Болашақ келінімің төрбиесі мен мінезі, оның адамгершілігі, ақыл-парасаты сенен бұрын мені толға-дырады. Себебі адам көбіне-көп өскен ортасына, туған жеріне қарай бейімделетіні хақ. Сондықтан саған біздің ортамызға лайық, өкенің ақ сөзін тыңдап, зердесіне тоқыған, ананың ақ сүтінен нәр алған, қарапайым қазақ қызы тап болғай деп Алладан тілеймін. Бұл-менің үшінші тілегім. Осы тілектерімді орындауға таппын.

Қандай бір сәтсіз істеріме ұрысып, жекіп көрмеген, айтылыңнан басқа ақын да айтаптың ақкөңіл, мейіранн аманым бұлайша ой айтып, тігпеле сөйлеуі маған ерекше әсер еткені сондай, жан дүнием төңкеріліп түскендей болды. Осы сөздер мені ештеңе ойлатпайтын балалықтың базарынан жұлып алып, есейген-дердің есігіне кіргізіп жібергендей әсер етті. Анам алдынан өлдебір үлкен жауапкершіліктің салмағын сезініп, ой құшағына оранып, сыртқа шықты. Сол түні іштей Ана тілегін қалай да орындауға серт байладым.

Жаз кезінде, киіз үйдің сыртына төсек салып, далаға жататынбыз. Төсекте шалқамнан жатып, тұңғыық көк аспанға, жұлдыздарға ұзақ қарап, ойға шомып, алғаш рет анамды қуантқаным көз алдымнан тізбек-теліп, өтіп жатты. Өке - шеше денсаулығының нашарлығы мені ерте есейтті. Дүз жылысына ерте араластым, жұмысқа икемдігін ерте байқалды. 16 жасында яғни 1967 жылдың жазғы қаникул айы кезінде, Ақтоғай совхозының Сарышоқыдағы 2-ші фермасын басқарып отырған өкемнің туған інісі Жанторы ағаға барып, шөп шабу науқанына қатыс-қым келетінін айтып жұмыс сұрадым. Өке-шешеме көмек болсын дедім. Түсінді. Талпынысым себеп болды ма, өлде жұмысшы күшінің жетіс-пеуінен бір қолын екі ете алмай отырған шарасыздығы ма, қос телешікілі «Беларусь» (есімде кабинасына Шолпан деп жазған) тракторын беріп, Тұз базына шабыл-ған шөпті тасисын деді. Ағаның бұлай сенім білдіруі мені аяқ астынан жігерлендіріп жіберді. Трактор жүр-гізуге құқым болмаса да, жүргізуді қызық көретін бозбалалық көңілім шалқып, өрі ауыл адамдары бала-сынбасын деп үлкен адамдарша іштей қайраттанып, техниканың кем-

жүрсең батыр баба Мамай атаның зиратының алыстан мен мұңдалауы, одан сөл оңтүстікке қарай бір бел ассан, он екіде бір гүлі ашылмаған қызғалдақ теруге шыққан жас арулардың төтеннен болған қар аралас жауған «құралайдың» боранына ұшырап, тобымен қаза болған «Қызқырылған» жазықтығына табан тіреуің адамды сонау бір ескі заман аңыз оқиғаларына жетеле-гендей әсер етеді. Бұл жер киелі болмаса жүзардыдағы аттары аңызға айналған тұлғалар неге жерленген, бай – билер неге жайлаған. «Қыз-қырылған» атауы қай заманнан келе жатқан әнсана әңгіме. Сурақ көп, жауап жоқ.

Алғашқы мектепке баратын жылы ғой деймін, қатты ауырыппын, даусым жоғалып, есім де кіресілі - шығасымлы болыпты. Көпке дейін қызғалмаппын. Ақсақалдардың кеңе-сіміен өкем мен шешем Балғасын сайының бойына тәу ете барып, судан арлы - берлі үш рет өткізіп, сүмен бірнеше рет ұшықтаған. Содан кейін құлан таза айығып кетіліпті. Содан анам Балғасын бойын жер киесі, су киесі деп мойындайтын. Қасиетінен сескенетін, киесіне тәу ететін. Себебі жан басы да, мал басы да осы Балғасын бойынан көбей-ді.Ұлының осы киелі жерден тауып келген алғашқы табысын көрші әйелдерімен бөлісіп, шашу шай жасап, олардың ақ көңілден жамы-раса берген баталарына мені күе қылды.

Міне, содан бері елу жылдан астам уақыт өтті. Кеңес Одағы тұсында дүние есігін ашып, ата-бабалар армандаған тәуелсіз Қазақстанда өмір сүріп жатырмын. Шүкір, Аллаға. Талай жағдайды бастан кештім. Көрген қызықты кездер де, аяқтан қағып, көре алмаушылар да аз болмады. Алайда иілдім, бірақ сынбадым, намысымды басындыр-мамын, ананың тілегі алға жетелеу-мен болды. Қиналған сөттерімде анам алдымнан елес беріп, тілек сөздері құлағымда жаңғырады.

Осылайша ана тілегімен қуаттан-ған мен 1969 жылдың шілде айының 17-ші жұлдызында апам Лиманмен Ақтөбе қаласына келдім. Лиман апай пөтерге орналасуыма, құжаттарым-ды Ақтөбе мемлекеттік педагогика-лық институтының физика-матима-тика факультетіне тапсыруыма бас көз болды. Содан үйден шықпастан алғашқы болатын емтиханға бас көтерместен дайындалдым. Нәти-жесі жаман болмады. Алғашқы сынақты бес деген бағамен бағын-дырдым. Алғашқысынан өткесін кейінгілері бөлендей қиын болмады. Содан мен тамыз айының 20-сы күні Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының студенті болып қабылдандым. Институтты, жұрттың алдына да шығып кетпей, артқы топта да қалып қоймай, орта қол кеуде де бітіріп шықтым. Институтты аяқтауға жақындағанда өкем мен шешем баяғы мені оқуға аттан-дырардағы тілеген тілектеріңіз бірі келін мәселесін, яғни келіншек алуымның өңгімесін кездескен сайын айтудан аңғалмадым. Түсінемін, жастары Пайғамбар жасынан асып кетті, бұлар да ел қатарлы келін түсіріп, жас келінін қолынан шай ішіп, біз де келін түсірдік деп ел көзіне көрінгісі келеді де.

7. КЕЛІН

Жақсы болсын тегі, заты: ұрығы,

Пәк, ұятты, болсын

жанның тұнығы.

Дұрыс үйдің қызын ал, қол тимеген,

Сенен өзге еркек жүзін көрмеген.

ЖАЗ ЖАЙСЫЗ БОЛДЫ... ҚЫСТЫҢ ҚАМЫ ҚАЛАЙ?

КҮЗ КЕЛІП, ЖАЗ АПТАБЫ БАСЫЛҒАЛЫ БІРНЕШЕ КҮН ӨТТІ. АНДА-САНДА ШЕКЕНҢЕН ШУАҚ ӨТКЕНІМЕН КӨБІНЕ ЫЗҒАРЛЫ ЛЕП ҚАҒАЛАДЫ. СУМБЫЛЕ КІРГЕЛІ СУДЫҢ СУҒАҒАНЫН АЙТПАСАҚ ТА БЕЛГЛІ. МАЛДЫҢ СЕМІРЕТІН УАҚЫТЫ ДА ОСЫ. ТЕК ҚАРАП, КҮТІП-БАҚСАҢ БОЛҒАНЫ. ҚАЖЕТТІ КӨРЕГІН ЖЕР АНАДАН ТАУЫП ЖЕЙДІ. НАҒЫЗ БАПТАЙТЫН КЕЗ АЛДА. ТІПТІ АЛЫС ЕМЕС. ҚЫСҚА ҚОМПИИП СЕМІЗ ТҮСКЕН МАЛДЫҢ ӨЗІНЕ ҚЫСТА АЙРЫҚША КҮТІМДІ ҚАЖЕТ. ҚЫС ҚЫЛЫШЫН СЕРМЕЙТІН КЕЗ ТАЯУ. СІЗ ДАЙЫНСЫЗ БА? АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСАТЫН АУДАН ҮШІН МАЛ АЗЫҒЫН ЕРТЕ ЖАЗДАН ҚАМДАУ АСА МАҢЫЗДЫ. СОНДЫҚТАН ОСЫ ОРАЙДА БІЗ ДЕ НАУҚАННЫҢ ҚЫЗҒАН ШАҒЫНДА АУДАНДЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫ СҮЙІНДІК ӨСКЕНБАЕВПЕН АРНАЙЫ СҰХБАТТАСҚАН ЕДІК. ЕНДЕШЕ НАЗАРЛАРЫҢИЗҒА ШАҒЫН СҰХБАТЫМЫЗДЫ ҰСЫНАМЫЗ.

- Армысыз аға! Жалпы аудан бойынша мал шаруашылығымен айналысатын аула саны қанша? Аудан тұрғын-дарының басым көпшілігі төрт түлікпен тасып тауып отыр. Мал санына да тоқталып өтсеңіз.

- Армысыз! Біздің аудан бойынша мал өсіріп, шаруасын дөңгелетіп отырған 2351 аула бар. Олардың қатарында шаруа қожалық ашып жатқандардың да қатары көбейіп келеді. Мал санына тоқталсақ, 37,356 ірі қара, 171,167 ұсақ жандық, 10 мың

бас жылқы, 79 бас түйе бар. Мал саны да жыл санап артып қана қоймай, асылдандыру жұмыстарына баса назар аударылууда.

- Ауыл шаруашылығымен айналысатын аудан үшін ағымдағы жылдың басты мәселесі қысқы мал азығы екені баршаға мәлім. Сондықтан да сізбен сұхбаттасу барысындағы негізгі сауалымызға жауап берсеңіз. Мал азығын дайындауда жасалған жұмыстың нақты көрсеткіші қандай? Қысқы мал азығын әзірлеу жұмыстары қаншалықты



МЕКТЕПКЕ



Көкезектің оқушылары бақытты шығар. Неге дейсіз бе? Әйткені, олар апта сайын айбарланып атқа мініп, құс патшасы бүркіттің көреге қанаттарын сипап, бойларына дархан даланың қуатын сіңіреді.

Ұржар ауданы Көкезек ауылындағы орта мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, белгілі атбегі, бүркітші, асау үйрету байқауларының төрешісі Төттімбет Көпұлының өзі сабағы осылай өтеді. Ұлттық өнерімізді ұлықтап, дәстүрлерімізді дәріптеп жүрген азамат жаңа оқу жылынан бастап аталған білім ордасының қабырғасында «Ұлттық спорт – ұлт зердесі» деген үйірме ашыпты. Сабақтан тыс үйірмеде 4, 5, 6, 7-сынып оқушылары аптасына 8 сағат атқа міну, асау үйрету, асық ату, бүркіт баптау, ат тағалау, қайыс өру секілді халқымыздың салт-дәстүрлері мен ұлттық спорт түрлерінің қыр-сырына қанығады. «Бір Атласы, төрт құбыласы, бес парызы, жеті қазынасы бар, ұлдары аттың жалында ұйықтап, келіндері түйенің қомында босанған қазақ емеспіз бе? Біз өзге жұрттан озасақ, салт-дәстүрімізбен, өнерімізбен, ұлттық құндылықтарымызбен озымыз. Қандай заман болса да едет-құрып, көң-жоралғыларымызды жоғалтуға болмайды. Аудан әкімі Серік Зайнуллиннің қолдауымен жұмысын бастаған үйірмеге бір жыл толмаса да, ауыл балаларының сабаққа деген қызығушылығы зор, ынтылар ғажап. Берінің де атқа мінісі келеді. Бүркіт ұстағысы келеді. Тіпті «Тай мініміз» деп өке-шешесіне тай алдырып жатқандары бар», - дейді үйірме жетекшісі. Жақында Ұржар ауданына жол түскенде сабақ өтетін белмені арнайы барып тамашалағанбыз. Шынын айтайық, мектеп ішіне емес, Тарбағатай тауының шатқалдарының арасына еніп кеткендей күй кештік. Шежірелі Тарбағатай тауының тастарымен көмкерілген бөлме ортасында аяғына саптампа, басына тымақ, кеудесіне қасқыр ішік киген, қолына бүркіт қондырған Төттімбет Көпұлы, жанында көк тағысына сондай бір қызығушылықпен көз салып, құстап көрсем, қолыма қондырсам» деп ұмтылған ауылдың қарадомалақтары. Ғажап көрініс емес пе!? Анадй жерде күмістелген ер тоқым тұрғанын аңғардық. «Мұның не екенін балалар біле ме екен?» деп сол жердегі оқушылардың бірін сөзге тарттым. «Әй, осылар осыны білмейтін шығар-ау» деген іштей күдігіміз күлін көкке ұшырды. «Мынау – құйысқан. Мұны ұстазым Төттімбет Көпұлының өзі өрген. Құйысқан ертоқым алдыға жылжып кетпес үшін

қажет. 150 жылдық тарихы бар бұл ертоқымды атамның атасы жасаған» деп тақ ете қалды бір оқушы. Есімі - Исатай Рашиетұлы,7-сыныпта оқиды екен. Көкезекте болғанымызда бұл ауылдың балаларының бәрі ат десе,бүркіт десе ішкен асын жерге қоя ма деген ойға қалдым. Төттімбет Көпұлының үйіне барғанымызда алдымыздан шыққан 5-сыныпта оқитын қызы Фарида: «Қанаты туырлықтай көрер көзге, Тоқтадым көп ойланып осы сөзге. Шапаны етегіңдей қазғанымың, Таппадым артық теңеу бұдан өзге. Жұқалау оқ тұмсығы келсе жалпақ, Денелі бұжыр табан, бұты талтақ. Ұңғыр қабақ, шүңірек шегір көзді, Шоқлар сан, кең иықты, төсі шалқақ, - деп атақты бүркітші Күнтуған Тоқтыбайұлының «Бүркіт сынын» өлеңдете жөнелді.

Ауыл балаларына бабадан қалған бағлан өнерімізді насихаттап жүрген Төттімбет Көпұлы үш жыл бұрын Астанада өткен ұлттық спорт түрлерінің үздіктерін анықтайтын «Алтын тұғыр» байқауында «Үздік бүркітші» аталымын иеленіп, Алматы облысының Ескелді ауылында ұйымдастырылған «Сонар-2017» халықаралық бүркітшілер сайысында «Біржан сал» атындағы арнайы сыйлықпен марапатталған болатын. Соңғы жылдары Ұржар және Аягөз аудандарында республикалық бүркітшілер фестивалін өткізуге ымырадық болған азаматтың тағы бір ерекшелігі, өдеттегідей Наурыз немесе өзге де мерекелер, өртүрлі концерттер, қойылымдар кезінде ғана емес, ұлттық киімдерді үнемі киіп жүреді. Өсіресе, қыз мезгілінде саптампа етігі мен пушпақ тымағын, қасқыр ішігін үстінен тастамайды. «Ұлы дала өлігін ұрпағымыз дейміз. Ұлы даланың қазығы қандай болды? Ұлы дала қазығының киген шапанының бір жақ өңірі жерге төсеніш, бір жақ өңірі жамылғы рөлін атқарған. Жаугершілік заманда сойылмен көбіне тізе мен шынтақтан соғатын болған. Саптампа етік бір жағын, соққыдан қорғаған. Екіншіден, тізеңе дейін жауып тұрады, жылы ұстайды. Қазақтың көбі тізеден кетеді ғой. Мен саптампа етігімді мәшиненен жүргенде де кие беремін. Үйреніп алғам. Жай аяқ киім кісем, жел соғады. Мектепке де киіп барамын. Дене тәрбиесінен сабақ беремін ғой. Мектепке кіргеннен кейін кроссовкамы киіп аламын. Көп балалар таңдана, тамсана қарайды, - дейді ұлттық киімімен көлге үлгі бол жүрген кейіпкеріміз.

Азамат ҚАСЫМ.



орындалды?

- Сауалыңыз орынды. Расында биылғы жылы көктің сыйын көп күттік. Алты ай жаз қуаңшылықпен өтті. Шөптің түсімі де көңіл көншіте қоймады. Әйтсе де көп болып көктен тамшы нөріп тіледік. Төңірден тілегіміз қабыл болып, тамыз айында жауған жаңбыр жер анаға біраз құт кұйды. Қысқы мал азығын дайындауда нәтижелі жұмыстар жүргізілді. Биылғы жылы бір жарым жылдық мал азығын дайындауға 189 мың тонна тапсырма берілсе, оның 184 мың тоннасы дайындалып, 97,5 пайызы орындалып отыр.

- Қысқы мал азығын әзірлеуге ауыл шаруашылығы техникалары жеткілікті ме? Қазіргі науқан уақытында дайындалған мал азығы қанша ауланы қамтыды?

- Биылға қысқы мал азығын даярлау науқанына 226 трактор жұмылдырылды. Оның қатары 6 жаңа трактормен толықты. Қазіргі таңда мал бағып отырған аулаларды мал азығымен қамту жұмыстары 80 пайызға жетті. Бұл жұмыстар өлі де жалғаса береді.

- Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан: Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

Күз



Бұлттарын түйдек алып кеп, Жасаулап туған мекенін, Сары мақпалмен әдіптеп Келінтөбенің етегін;

Шүрегейлері асығып, Күз жетсе қоңыр самал боп, Шүберек сөмке асынып, Мектепке қайта барар ма ек!

Күбірлеп көрі анамыз Үш шығар еді, үш кіріп. Қаһарға мінген қара күз Тұратын тыста ысықырып.

Дауысын тыңдап жаңбырдың, Қалғушы ем қамсыз көз іліп, Әуірі сынды тандырдың Ып-ыссы демді сезініп.

Сол ыссы деммен, шіркін-ай, Сан жүректерге жеттім мен. ...Қамыстың басы бүрқырғай Күз ғой бұл қайта кеп кірген.

Отарын ойға иіре, Отауын жатыр тігіп ел, Жарқылдап енген үйіне Жас келін, жайсаң інілер.

Мына күн және қағынды, Төніп тұр бұлт қаракөк. Тандырдың бетін жабуды Ұмытпасаңдар жарар еді...

Есенғали РАУШАНОВ.

ҚАЗАҚТЫҢ ХАНЫМДАРЫНЫҢ ЕСІМІН БІЛЕСІЗДЕР МЕ?



Жаған-бегім ханым – Жәнібек ханның жары, Қасым ханның анасы Аққозы-бегім ханым – Шах-Бұдақ сұлтанның (Әбілқайыр хандығы) жары, Мұхаммед Шейбанидің (Шейбанидтер хандығы) анасы Сүйінбике ханым – Жәнібек ханның қызы Аманбике ханым – Жәнібек ханның қызы Дадым-бегім ханым – Бұрындық ханның қызы, Шығай ханның жары Микр сұлтан ханым – Бұрындық ханның қызы, Мұхаммед Темір сұлтанның (Шейбанидтер хандығы) жары Ханық сұлтан ханым – Қасым ханның жары, Хақназар мен Мамаш ханның анасы

Нигар сұлтан ханым – Қасым ханның жары Құтлық сұлтан ханым – Қасым ханның қызы Булдыр ханым – Қасым ханның қызы, Шейх-Мамай бидің (Ноғай ордасы) жары

Махим ханым – Бұйдаш ханның жары Абайқан-бегім – Жәдік сұлтанның жары, Шығай хан мен Мәлік сұлтанның анасы

Шешек ханым – Әдік сұлтанның қызы, Рашид сұлтанның (Моғолстан) жары Ақторғын ханым – Хақназар ханның жары Әгігерім ханым – Хақназар ханның қызы Дадым-бегім ханым – Шығай ханның жары, Шах-Мұхаммед сұлтанның анасы

Байымбике ханым – Шығай ханның жары, Сейітқұл мен Ондан сұлтанның анасы

Жақсымбике ханым – Шығай ханның жары, Есім мен Төуке ханның анасы Алтын ханым – Шығай ханның қызы, Ораз-Мұхаммед ханның анасы Сүзге ханым – Шығай ханның қызы, Көшім ханның (Сібір хандығы) жары Ләйле ханым – Шығай ханның қызы Сабырбике ханым – Шығай ханның қызы Сүйім ханым – Көжек сұлтанның анасы Діпшах ханым – Есім ханның жары Падишах ханым – Есім ханның жары, Абд ар-Рахим-ханның (Моғолстан) қызы

Айлин ханым – Есім ханның жары, Сартақ сұлтан мен Салқам Жөңгір ханның анасы Райхан ханым – Есім ханның қызы Ай ханым – Есім ханның қызы Бану ханым – Салқам Жөңгір ханның жары Қазақ ханым – Салқам Жөңгір ханның қызы, Абдулазиз ханның (Бұқар хандығы) жары

Сандық ханым – Төуке ханның жары, Сөмеке ханның анасы Хадіша ханым – Сартақ сұлтанның жары Төтті ханым – Ондан сұлтанның қызы Махим ханым – Бұйдаш ханның жары Бопай ханша – Әбілқайыр ханның жары, Нұралы ханның анасы Қарашаш ханым – Әбілқайыр ханның қызы Зылиха ханым – Әбілқайыр ханның қызы Жәннат ханым – Әбілқайыр ханның қызы Сайман ханым – Абылай ханның жары, Уәли ханның анасы Бабақ ханым – Абылай ханның жары, Рүстем сұлтанның анасы Топыш ханым – Абылай ханның жары, Қасым сұлтанның анасы Тоқта ханым – Абылай ханның жары, Сүйік сұлтанның анасы Айғаным ханым – Уәли ханның жары, Шоқанның әжесі Айкүміс ханым – Қасым сұлтанның жары, Кенесарының анасы Күнмжан ханым – Кенесарының жары, Тайшық сұлтанның анасы Жаңыл ханым – Кенесарының жары, Сыздық сұлтанның анасы Бопай ханша – Қасым сұлтанның қызы, Кенесарының қарындасы Ырыс ханым – Нұралы ханның жары, Бөкей ханның анасы Елбарыс ханым – Ералы ханның жары, Жантөре ханның анасы Атан ханым – Бөкей ханның жары, Жөңгір ханның анасы Ұлпеш ханым – Меңдікерей сұлтанның жары Меңді ханым – Қарабай сұлтанның қызы, Жантөре ханның жары Фатима ханым – Жөңгір ханның жары, Сақыпкерей мен Ғұбайдолланың анасы Жүзім ханым – Жөңгір ханның жары Зылиха ханым – Жөңгір ханның жары Хадіша ханым – Жөңгір ханның қызы

«Адырна» ұлттық порталы.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ - ИМАНДЫЛЫҚ БЕЛГІСІ

Адам бойындағы асыл қасиеттердің өзгешесі - жомарттық, кеңпейілділік. Ал жомарт болу - өзінде барды өзгемен шын пейілмен бөлісу, өзге жанға қуаныш сыйлау деп білемін. Бұндай асыл қасиеттер кез келген адам бойынан да табыла бермейтіні анық. «Жылуы жоқ үйден без, қайырымы жоқ биден без», - дегендей қайырымдылық, адамгершілікті биік ұстап, кісілікті ту етіп, қолдан келген жәрдемін ұсынған ата-аналарымыз өз кешіліктері мен адал пейілдерін танытуға үлес қосып, атсалысқан, мейірімі шексіз жандар. Сонымен бірге ұйымшылдықпен ұстаздарымыз да өз қолдауларын көрсетіп, акцияға белсене қатысты.

Мұндай ізгілікке толы өнегелі іс балалардың санасына мейірімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастырып, оқушыларды кішіпейілдікке, бауырмалдыққа баулиды. Осындай мақсатта Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясында «Мектепке жол» атты дестүрлі республикалық қайырымдылық акциясы жалғасын таба білді. Акцияның басты мақсаты – көмекті қажет ететін көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға және басқа санаттағы көмекке мұқтаж балаларға әлеуметтік көмек

пен қолдау көрсетуге, сонымен қатар көмекке мұқтаж балалардың проблемаларына қоғамның назары аударуға бағытталған болатын. «Не берсең де балаға бер, бала үшін жаса» — дегендей, қолдау танытқан ата-аналармен ұстаздарымыздың көмегі нәтижесінде 16 бала оқу-құрал және мектеп формаларымен қамтамасыз етіліп, жаңа оқу жылына қадам басты. Тегінде дана халқымыз «Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзін көресің» - дегендей, сауапты іс жасап, түрлі іс-шаралар мен акцияларда қайырымдылық көмегін көрсететін ізгі жандар қатары да көбейіп келеді. Акция барысында бала болашағына бей-жай қарамай, ел қатарлы білім алуына жағдай жасап, жана-шырлық танытқан мейірімді жандарға, аяулы азаматтарға, қолдаушы кәсіпкерлерімізге алғыстан басқа айтармыз жоқ. Осы қайырымды азаматтарымыздан осындай жылулықты көріп өскен балалар келешекте ел қамын күйттейтін, қайырымды болуа барынша тырыстын, ұлағатты ұрпақ болып ер жетері даусыз.

Райгүл ҰЛЫҚПАНОВА, Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының әлеуметтік педагогы.

Қарызы кешірілетіндердің қатарында барсыз ба?

Егер сіз қарызы өтелетін борышкерлер тізімінде болмасаңыз, бірыңғай call-орталығына хабарласыңыз

Несиеісі өтелетіндер мәртебесін тексере аласыз: - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің enbek.gov.kz сайтында; - III бірыңғай байланыс орталығы арқылы; - egov.kz электрондық үкімет порталында; - Халыққа қызмет көрсету орталығында.

Егер сіз тізімге енбеу себебімен келіспесеңіз, несие берген банкке немесе микрокредиттік ұйымға хабарласа аласыз.

Осы күні Президент Жарлығы бойынша қарыз жүктемесінің төмендеуі мен несиеінің бір бөлігін жабу процесі қызу жүріп жатыр. Бұл хабар барша қазақстандықты қуантқаны рас. Алайда халық арасында бұл жеңілдікті кімдер пайдалана алатыны, қарызы кешірілетіндердің тізімінде болмаса не істеу керек екеніне қатысты сұрақ көп.

Аталған сұрақтарды талқылап, кішігірім кеңес беруді жөн көрдік. ӨЗ МӨРТЕБЕНІЗДІ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ: - enbek.gov.kz сайтына кіріңіз; - «Борыштық жүктемені төмендету бағдарламасына қатысу үшін мәртебені тексеру» тегінін таңдаңыз; - ЖСН-іңізді жазып, мәртебеніңізді біліңіз. немесе - 111 бірыңғай нөмеріне хабарласу. тағы - egov.kz электронды порталында көруге болады. БАСҚА АМАЛЫҢЫЗ БОЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА ҒАНА: - ХҚО-ға барыңыз.

Алайда, егер сіздің аты-жөніңіз тізімде болмаса және сіз онымен келіспесеңіз, онда сізге 111, 74-32-20, 75-01-79 және 75-01-78 нөмірлеріне хабарласу керек.

Егер сіз тізімнен алып тастау себебімен келіспесеңіз, онда сізге банкке немесе несие берген микрокредиттік ұйымға жүгіну қажет.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының баспасөз қызметі

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ - ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ»

Тәуелсіздіктің жылдарында еліміз көптеген салаларда жетістіктерге жетті. Қазақстан әлем мойындаған елге айналды. Осы игілікті істермен қатар ана тіліміз Ата заңмен мемлекеттік тіл болып бекітілді. Елбасымыз да «Қазақстанның болашағы — қазақ тілінде!» - деп қадап көрсетті. Ана тілі - өрбір халықтың ең басты байлығы, баға жетпес асыл қазынасы. Мемлекеттік тілімізді құрметтеу, оны білу — өрбір қазақстандық азаматтың парызы. Өзін Қазақстанның патриотымын деп есептейтін азаматтардың тілі. Өрбір отбасында, тілге деген жанажанырлық болса келешекте ана тіліміздің мәртебесі биікке көтеріліп асқақтаған болар еді.

Тіл – қасиетті ұғым. Ол ер адамның бойына, санасына ана сүтімен еніп, қалыптасады. Ана тілін сүйген адам – туған жерін, елін, Отанын сүйеді, құрметтейді. Ана тіліне салғырт қарау - өз халқының өткеніне, бүгінге, болашағына немқұрайлы қарау

деген сөз. Қазіргі таңда қазақ тілін қоғамның барлық саласында терең қолдану маңызды мәселеге айналып отыр. Сондықтан мемлекеттік тілді білу — өмір талабы, қоғам қажеттілігі. Тілдің аясын кеңейту жолында өрбір қазақстандық өз азаматтық міндетін атқаруға тиіс.

Елімізде мемлекеттік тілді дамыту, қолдану аясын кеңейту үнемі маңызды мәселелердің бірі болып қаралып тиіс. Қазақ тілін төрге озырудың бірден бір қадамы - мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік тілді біліп қана қоймай, еркін сөйлеп, жетік меңгеруін қамтамасыз етуі керек. Мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш- жігерін, білімі мен тәжірибесін кәсіби қызметіне жұмсай отырып, мемлекеттік тілдің де дамуына үлес қосуы тиіс.

С. МАХАНОВА, Ойыл аудандық Әділет басқармасының басшысы.

ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ОЙЫЛ АУЫЛЫ БОЙЫНША ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАЛАРЫНАН ҮЗІНДІ

Ойыл ауылы <i>Күн тәртібінде қаралған мәселе:</i> Еңбек «Қызыл Ту», I дәрежелі Ұлы Отан соғысы медалдарының иегері, Қазақстан Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен 2 рет марапатталған Серікбай Төлеубаевқа Ойыл ауылындағы атаусыз көшеден атау беру туралы	№ 7	05 қыркүйек 2019 жыл
Жиналысқа қатысқан жергілікті қоғамдастық мүшелері айтылған ұсыныстарды бірауыздан қолдап ШЕШІМ ЕТТІ:		
1. Серікбай Төлеубаевтың атын Ойыл ауылындағы көше атауына беру ұсынылсын.		
2. Осы ұсыныс облыстық ономастика комиссиясының қарауына жіберілісін.		
Ойыл ауылы <i>Күн тәртібінде қаралған мәселе:</i> II дәрежелі Ұлы Отан соғысы медальының иегері, Қарабалиев Қожас Бакиевичке Ойыл ауылындағы атаусыз көшеден атау беру туралы	№ 8	05 қыркүйек 2019 жыл
Жиналысқа қатысқан жергілікті қоғамдастық мүшелері айтылған ұсыныстарды бірауыздан қолдап ШЕШІМ ЕТТІ:		
1. Қарабалиев Қожас Бакиевичтің Ойыл ауылындағы көше атауына беру ұсынылсын.		
2. Осы ұсыныс облыстық ономастика комиссиясының қарауына жіберілісін.		
Ойыл ауылы <i>Күн тәртібінде қаралған мәселе:</i> Еңбектегі Ерпігі үшін медалінің иегері, Ақжайдау Нугмановқа Ойыл ауылындағы атаусыз көшеден атау беру туралы	№ 9	05 қыркүйек 2019 жыл
Жиналысқа қатысқан жергілікті қоғамдастық мүшелері айтылған ұсыныстарды бірауыздан қолдап ШЕШІМ ЕТТІ:		
1. Ақжайдау Нұғымановтың атын Ойыл ауылындағы көше атауына беру ұсынылсын.		
2. Осы ұсыныс облыстық ономастика комиссиясының қарауына жіберілісін.		
Жиналыс төрағасы: Жиналыс хатшысы:	Қ.Ұлықпапов С.Шохабаева	

Ойыл аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі,Ш.Берсиев атындағы орта мектебінің оқушы және көсіподақ ұйымы осы мектептің мұғалімі Мырзағалиева Айгүлге	анасы Райсаның
қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады	
Ж.Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш көсіподақ ұйымы мектебіміздің мұғалімі Рамазанова Жұмагүлге қайын енесі	Райсаның
қайтыс болуына байланысты отбасына ортақтасып, көңіл айтады	